

ЖАМБЫЛТАНУДЫҢ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақтың сөз өнері ежелгі заманнан бері үш түрде жасалып, ғұмыр кешіп, біздің дәуірге жетті. Олар – халықтың ауыз әдебиеті (фольклор), авторлық ауыз әдебиеті (ақын-жыраулар поэзиясы) және жазбаша әдебиет (көне түркі мәтіндерінен бастау алады). Осы үшеуінің соңғы екеуі бүгінгі шақта да дамып келеді. Қазіргі көпжанрлы әдебиетіміз бен бүгіндері өтіп жатқан айтыстарымыз бұрынғы дәстүрді жалғастырумен бірге жаңаша, соны сипатта көрініс беріп, өзіндік ерекшеліктерге ие болуда. Мұның себебі аз емес, солардың бірі жаңа жазбаша әдебиеттің негізін салған Абай мен авторлық ауыз әдебиетін биік деңгейге көтеріп, оған жаңа сипат дарытқан Жамбылдың шығармашылығы, олардың әдеби-көркемдік ұстанымы мен талап-талғамы. Осы екі ұлы сөз зергерінің ұлттық санасезіміміздің, руханиятымыздың дамуында тарихи рөл атқарғаны үшін қазақ халқы олардың есімін, мұрасын әрқашан ардақтап, ұлықтап келеді, дәріптей бермек. Сөзіміздің жарқын дәлелі ретінде Абайдың да, Жамбылдың да 150 жылдығы ЮНЕСКО мен ТМД көлемінде аталып өткенін, жыл сайын олардың туған күнінде өткізілетін алуан түрлі салтанатты жиналысты, шығармашылық, ғылыми шараларды еске алуға болады. Дей тұрғанмен, әдебиетіміздің екі алыбын толық зерттедік, танып-білдік деп айта алмаймыз. Кеңес өкіметі тұсында олар туралы аз жазылған жоқ, бірақ зерттеулер мен мақалалардың көбісі коммунистік идеология тұрғысында болғаны белгілі. Ал енді Тәуелсіздік тұсында бүкіл тарихымызды, рухани мұрамызды қайта қарап, ұлтымыздың мүддесі мен міндеті талаптарына сәйкес жаңаша зерделеп, бағалап жатқанымызда Абайдың да, Жамбылдың да мұрасына қазақ көзімен қарап, сөз өнеріміздің табиғатынан шығатын заңдылықтар негізінде зерттеу қажеттігі дау тудырмаса керек. Бүгінгі әңгімеміздің мақсаты – Жамбылдың шығармашылық мұрасы келешекте қалай насихатталып, зерттелуге тиіс, алда қандай істерді жүзеге асыру қажет деген ойларымызды ортаға салу.

Жәкеңнің шығармалары Кеңес өкіметі кезінде мыңдаған, миллиондаған тиражбен қазақ, орыс, тағы басқа тілдерде жарық көргені баршаға аян. 1930-50 жылдардың арасында ол кісінің өлеңдері бүкіл әлемге белгілі болды, ондаған Еуропа мен Азия халықтарының тілінде аударылып, жер шарына тарады. Ақиқатында, қазақ халқын дүние жүзіне алғаш танытқан адам – Жамбыл десек, артық айтқандық болмас. Солай бола тұрса да Жәкеңді әлі де лайықты дәрежеде, жаңаша тани да, көрсете де алмай жүрміз. Рас, профессор Сұлтанғали Садырбаев жинап, жариялаған екі томдықтарда, осы мақаланың авторы орысша жарыққа шығарған жинақтарда, сондай-ақ «Қазақ әдебиеті

тарихының» 7-ші томында және жекелеген мақалаларда жыр алыбы туралы біршама жаңа көзқарас, соны ойлар бар. Алайда, бұл жеткіліксіз екені түсінікті, олармен шектеліп қалмасақ керек.

Жамбылдың туғанына 165 жыл толуына байланыста республика көлемінде салтанатты іс-шаралар өтті. Жәкеңнің өз ауылында дәстүрлі «Жамбыл күні» болды. Ұмытпасам, осы игі дәстүр 1997 жылы басталған еді, алғашқы жиынды сол жылдары Алматы облысының әкімі болған Серік Үмбетов ұйымдастырған болатын. (Нұрғиса Тілендиев ағамыз қатысқан-ды). Міне, сол жиында да абзал азамат Серік Үмбетов басынан аяғына дейін болып, Жәкең жайында өзі де толғана сөйледі және өзге сөйлегендердің де пікірін назар қоя тыңдады. Бұл басқосу жөнінде газеттерде тиісті ақпарат берілді, сол себепті мен өз тақырыбыма көшейін.

Әдетте, біз ұлы тұлғаларымыз хақында олардың мерейлі тойлары жақындаған да ғана ойланып, жеделдетіп қаулы қабылдап, іс-шараларды белгілеп, той күндерді жүзеге асыруға күш саламыз. Өкінішке қарай, ойлағандарымыздың көбісі асығыс істеліп, кейбірі орындалмай қалатыны бар. Кезінде Абайдың 150 жылдығына қатысты қаулының жобасын марқұм Өзбекәлі Жәнібековтің басшылығымен 1990 жылы, яғни бақандай 5 жыл бұрын дайындауға кіріскен едік, бірақ қаулының қабылдануы кештеу болды да жоспарланған кейбір шара жүзеге аспай қалды. Осындайды болдырмас үшін келешекте болатын үлкен айтулы дата – Жамбылдың (Абайдың да) 175 жылдығын қай жағынан болса да (әсіресе шығармашылық мұрасын насихаттау мен зерделеу, ұлықтау жағынан) жоғары дәрежеде өткізу мақсатында осы күннен бастап қажетті құжат қабылдап, тиісті іс-шараларды белгілеп, ұйымдастыру жұмысына кіріскен жөн сияқты. Мұндай өте маңызды істе басты назар ғылыми-шығармашылық мәселелерге аударылғаны орынды болар еді. Бұл салада өте ауқымды әрі қиын да жауапты жұмыстар бар.

Ең бірінші кезекте қолға алатын шаруа – Жамбылдың өзі мен шығармашылығы туралы дүниелердің бәрін қамтыған «Библиографиялық көрсеткіш» жасау. 1950-ші жылдары жасалған көрсеткіш ескірді. Ендігі жаңа көрсеткіш – Жәкеңнің бізде, шетте шыққан өз шығармаларын, ақын жайында жазылған мақалаларды, зерттеулерді, өлеңдер мен поэмаларды, түсірілген фильмдерді, сахнаға қойылған спектакльдерді, салынған суреттерді, тағы басқа туындыларды түгел тізімдеген, сипаттаған еңбек болуға тиіс.

Екіншіден, аса жауапты әрі зор маңызды іс – «Жамбыл шығармаларының академиялық толық жинағын» құрастырып, жарыққа шығару. Осы уақытқа дейін мұндай басылым болған жоқ. Ең алғашқы толық деп саналған 1946 жылғы кітап өз мағынасындағы нағыз академиялық жинақ бола алмады және ол қазір іздеп таба алмайтын дүниеге айналды. Одан кейінгі басылымдар да толық емес, негізінен, таңдамалы сипатта болды. Бұлай болудың өзіндік себептері бар. Оның бастысы И.Сталиннің жеке басына табынушылық әшкереленген соң Жәкеңнің ол туралы және сол шақтағы

партия, совет қайраткерлері жайында шығарған өлең-толғауларын цензура кітаптарға енгізбейтін. Тағы бір себеп – тәуелсіздік алғаннан кейін ақынның Кеңес кезіндегі компартияның саяси идеологиялық үгіт-насихатының әсерінен туындаған шығармаларын жинаққа енгізіп, бүгінгі оқырманға ұсыну орынсыз деп түсіну. Әлбетте, қазіргі жағдайда бұл себептер ескі ұғымдардың сарқыншағы деп қабылдануға тиіс. Жеке мемлекет болып, билігіміз өз қолымызға тиген шақта, бұрынғыдай шеттен, немесе жоғарыдан түсетін саяси-идеологиялық нұсқаулардан, қыспақтардан, цензурадан құтылып, ой еркіндігі, сөз бостандығы, пікірлік плюрализм орнаған заманда ескіліктің тұтқынынан шығатын мезгіл жетті деп білеміз. Қазіргі уақытта әдебиет пен өнерді, көркем туындыларды талдап, бағалағанда Кеңес кезіндегідей тек саяси, әлеуметтік шартты ұстанбай, әр шығарманы көркемдік пен эстетикалық құндылығы жағынан зерделеу бірінші кезекте болуы керек. Бүгінгі жаңа талаптың бірі – «әдебиет пен өнер туындысы түсінікті болуы керек» – деген ғана принципті қолданбай, «әдебиет пен өнер туындысын түсіне білу керек» деген ұстанымды басшылыққа алу. Олай болса, әдеби, тағы басқа мұрамызды да осы тұрғыдан қарастыру қажеттігі туып отыр. Ендігі бір талап – әрбір шығарманы оның қандай қоғамдық, саяси жағдайда дүниеге келгенін ескеру және сол дәуірінің талап-талғамына ұштастыра зерттеу керектігі. Үшінші талап – шығарманың авторы өзінен бұрынғы дәстүрді қалай жалғастырды, оған өзі не қосты деген шарт басты назарда болуы тиіс. Міне, Жәкеңнің академиялық толық жинағын құрастырғанда осы талаптар негізге алынса дұрыс болар еді, өйткені оның өлеңдері, толғаулары, дастандары бұл талаптарға толық сай келеді, ал мұның өзі ақын мұрасын жаңаша бағалап, зерделеуге тірек болады, оның тұлғасын жан-жақты етіп көрсетуге мүмкіндік береді.

Жамбыл – ақын, жырау, жыршы. Жамбыл – ойшыл, тарих куәгері азаттықты жырлаушы. Оның орасан ақындығы кез келген шығармасынан көрініп тұрады. Көркем сөздің хас шебері ретінде ол небір ғажайып теңеу, метафораларды қолданып, сөзді ойнатады, құбылтады, жаңа сөз оралымдарын жасап, бейнелі тіркестер тудырады, өзіне дейінгі ақын-жыраулар үлгісін пайдалана отырып, оны жаңарта дамытады, сөйтіп өзіндік сөз қолдану мәнерін қалыптастырады. Өзінің осындай шеберлігі мен мол талантын Жамбыл бұрынғы жырауларша мемлекет басшылығына тікелей қарата арнау айтып, елдік, бірлік, татулық, Отанды сүю, қорғау секілді өз кезінде өте актуальді болған мәселелерді көтеруге жұмсаған. Ертедегі жыраулар сияқты үлкен жиындарда, Жоғарғы Кеңес сессияларында, Ұлы Отан соғысы кезінде қиналған халыққа арнаған толғау-өлеңдері көркемдік сапасы мен эмоциялық күш-қуаты тұрғысынан бағалануға тиіс және Кеңес кезіндегі өмір мен саяси-әлеуметтік жағдайды да ескеру қажет.

Еске түсірейікші, бұрынғы біздің классик жырауларымыз ханға арнай сөйлемейтін бе еді, әмірші мен халық қиналған шақта, ел басына ауыр күн туғанда ақыл айтып, өткен-кеткенді шолып, келешекті барлай айтып, жұртты

бірлікке, сабырлыққа шақырмаушы ма еді?! Өлгі Сыпыра жыраудың Тоқтамысқа, Асан Қайғының Жәнібекке, Шалкиіздің Би Темірге, Жиымбеттің Есімге, Бұқардың Абылайға айтқандары – Жамбылдың Кеңес өкіметінің көсемдеріне айтқанынан бөлек емес қой! Жыраулар неге солай айтты? Айтқызған дәл сол шақтағы тарихи-қоғамдық жағдай. Жамбыл да өз уақытындағы қоғамы, қауымы талап еткен соң айтты. Сол үшін оны кіналауға бола ма? Әрине, болмайды. Пәлі, жалғыз Жамбыл ғана Кеңес өкіметін мақтады ма? Ол заманда Кеңес өкіметін, оның көсемдерін мадақтамаған, дәріптемеген ақын-жазушы бүкіл Одақта болған жоқ деуге болады. Одақ қана емес, шет елдерде де Кеңеске, партия басшыларына арналған дүниелер туып жатты. Осының бәрі – шындық қой, тарих қой. Ендеше, неге біз шындықты көлегейлеп, тарихтан алып тастауымыз керек? Олай істейтін болсақ, біз компартияның сынаржақ саясатына қайта ұрынамыз. Бүкіл мәдени, әдеби мұрамызды «мынау жақсы, халіктікі», «мынау жаман, халыққа жат» деп, тарихымызға, ойсанамызға қиянат жасаған жоқпыз ба? Демек, мұндай сауатсыздықты, қателікті қайталауға хақымыз жоқ. Әдебиет пен өнер туындылығына, мейлі ол мұра болсын, мейлі бүгінгі шығарма болсын, ең алдымен руханият тұрғысынан қараған жөн, оларды көркемдік-эстетикалық жағынан түсіне біліп, бағалаған дұрыс. Ақынды, жазушыны «нені жазды» деп қана емес, «қалай жазды» деп танитын шарт алға шығуы керек. Осы аспектіден келгенде Жәкеңнің Кеңес өкіметі мен партия көсемдеріне және совет жауынгерлеріне арнаған өлеңдері мен толғаулары көркемдік, әсіресе эмоциялық қуаты жағынан ерекшеленіп тұрады, олар – нағыз жыраулық поэзияның үлгісі. Демек, оларды жақсы ғылыми түсініктермен академиялық жинаққа енгізу – тарихи әділдік болады деп ойлаймыз. Академиялық толық жинақ құрастырылса, ол өз кезегінде Жамбылтанудың аясын кеңейтіп, бұл салада басқа да қажетті істерге негіз болары анық. Айталық, ақынның ең үздік шығармаларын орыс және ағылшын тілдеріне жаңадан аудартып, жарыққа шығару.

Жамбылтанудың алдында тұрған тағы бір үлкен іс – «Жамбыл» энциклопедиясын жасау. Сөз жоқ, академиялық жинақ бұған үлкен негіз болады. Сонымен бірге энциклопедия жасау барысында Жәкең туындыларында баяндалатын тарихи оқиғалар, сөз болатын тұлғалар, жер-су атаулары туралы мол дерек жиналады. Демек, Жамбыл және тарих, Жамбыл және қоғам, Жамбыл және өнер, Жамбыл және мәдениет деген зерттеулер жүргізіледі, Жамбылтану жаңа белеске көтеріледі.

Академиялық толық жинақ – «Жамбыл тілінің сөздігін» жасау үшін бірден-бір дерек болмақ. Мұндай сөздік Жәкең тілінің ғана емес, қазақ тілінің екі ғасырда қалай дамып, өзгергенін де көрсетері күмәнсіз. Ақынның ХІХ және ХХ ғасырларда туған шығармаларын салыстыра зерттеп, тіл тарихына қатысты тың байқаулар жасауға болады.

Міне, Жәкеңнің 170 жылдығына орай туған ойлардың негізгілері – осылар. Әрине, бұлар айтуға оңай. Бірақ «көз қорқақ, қол батыр» демей ме қазақ атам! Меніңше, Алматы облысы әкімдігі жанынан арнайы «Жамбылтану ғылым-зерттеу орталығын» құрып, 175 жылдыққа дейін осы істерді жүзеге асыруға қазірден бастап кіріскен жөн сияқты.

Дереккөз:

Жамбыл Жабаевтың 170 жылдық мерейтойына арналған «Жамбыл ақындық мұрасы және жамбылтанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылымипрактикалық конференцияның материалдары. Алматы, 25 ақпан, 2016 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. -34-36-беттер.